

## БӨЛІМ: МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП

## Суды жақсы көретіндер

ЖАРИЯЛАНДЫ  
17.02.2018

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/27897/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Білім беру саласы:**Таным.

**Бөлімі:** Жаралытыстану.

**Тақырыбы:** Суды жақсы көретіндер.

**Мақсаты :** 1. Құрлықта жәнесуда тіршілік ететін жануарларды ажырата білуге үйрету. Жануарлардың аттарын, олардың қорегі және жалпы олардың тіршілігі туралы түсіндіру арқылы зейіндерін дамыту. Табиғатқа қамқорлықпен қарауға баулу.

**Көрнекіліктер:** балық, түлкі, түйе, үйрек, қоян, қолтырауын, тиіннің суреттері.

**Билингвальді компонент:** балық-рыба, су-вода, түлкі-лиса, үйрек-утка, қоян-заяц.

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекет
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар сендерге қонаққа Әсел келді және ол жануарлардың қайсысы суда жақсы көретінін білгісі келеді.	Балалар қуыршақпен амандасады, қызығушылығын көрсетеді.

<p><b>Ұйымдастырушы-лық-ізденістік</b></p>	<p>Әсел: Балалар мен сендерге жұмбақтар жасырамын сендер жұмбақ шешкенді жақсы көресіңдер ме? Қанаты бар- ұшпайды, Жұрт айламен ұстайды.</p> <p>-Дұрысайтасындар, бұл балық. Балық суда тіршілік етеді. Ол желбезектерімен тыныс алады.</p> <p>Өзі ширақ, өзі қу, Жүрген жері айғай-шу.</p> <p>-Түлкі құрлықта, яғни орман-тоғайда, далалы жерлерде тіршілік етеді. Түлкінің тіршілігіне де су өте қажет.</p> <p>Аппақ жүнді үлпілдек, Жалғыз жүрген тым сирек.</p> <p>-Қоян да құрлықта тіршілік етеді. Ағаштың бұтақтары мен тамырларын қорек етеді. Қоянның тіршілігі үшін де су өте қажет.</p> <p>Шелектеп құйсаң да су жұқпас. -Үйрек-үй құсы. Жабайы үйректер де болады. Олар -су құстары. Суда жүзеді.</p> <p><b>2.Билингвальді компонент:</b>балық-рыба, су-вода, түлкі-лиса, үйрек-утка, қоян -заяц.</p> <p><b>3. Динамикалық үзіліс.</b> Музыка әуенімен жануарлардың жүрісін салады.</p> <p><b>4.Үлестірмелі материалдармен жұмыс.</b> Тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіріп тұрып көрсету.</p> <p>5. Жеке жұмыс өткізеді.</p>	<p>Балалар жұмбақтарды шешеді.</p> <p>-Балық.</p> <p>-Түлкі.</p> <p>-Қоян.</p> <p>-Үйрек.</p> <p>-Үйрек-су құсы.</p> <p>Қайталайды.</p> <p>Жануарлардың жүріс-тұрысын салады.</p> <p>Балалар тапсырмаларды орындайды.</p>
--	--	---

<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Сұрақ- жауап әдісі арқылы оқу іс-әрекетінде алған білімдері қорытындылау. Балалар қуыршақ Әсел қонаққа келгеніне өте риза болып тұрғанын және сендерге алғыс айтып жатыр. Балалар қуыршақ Әсел енді үйіне қайтқысы келіп асығып тұр Өйткені сендерден үйренгендерін достарына айтып бермекші. Қуыршақ Әселмен қоштасайық Балаларды мадақтау.	Сұрақтарға жауап береді. Бір-бірінің жауаптарын тыңдайды.  Қуыршақпен қоштасады.
---------------------------------	---	---

**Күтілетін нәтиже:**

**орындайды:** құрлықта және суда тіршілік ететін жануарларды ажыратуға арналған тапсырманы.

**түсінеді:** құрлықта және суда тіршілік ететін жануарлардың аттары, олардың қоректері, яғни жалпы тіршілігі туралы мәліметті.

**Қолданады:** сұрақтарға толық жауап бере алу және өз ойларын жеткізе алу, яғни коммуникативтік және алған ақпаратты талдай білу дағдыларын.